Таким образом, законопроект направлен на регулирование общественных отношений, связанных с осуществлением административных процедур, в том числе организацией внутриведомственной деятельности государственных органов, а также административным судопроизводством по разрешению споров в сфере публичных правоотношений.

Поэтому в процессе развития административного судопроизводства в дальнейшем важно повысить уровень доступности правосудия, накапливать опыт, формировать единообразную судебную практику, чтобы обеспечить законность и эффективность рассмотрения споров, возникающих из административно-правовых отношений.

Основания для расторжения договоров жилищного найма и выселения граждан

В Конституции Республики Казахстан закреплено право на жилище, как наиболее существенное, неотъемлемое право человека.

Потребность в жилище является одной из самых насущных естественных нужд человека. Без её удовлетворения немислимо никакое нормальное существование и полноценное функционирование всего человеческого общества.

Законом Республики Казахстан «О жилищных отношениях» предусмотрены основные принципы жилищного права. Вопрос о недопустимости произвольного лишения жилища является одним из них. Согласно указанному выше принципу, никто не может быть выселен из жилища или ограничен в праве пользования им, в том числе в праве получения коммунальных услуг. Изменение вышеуказанных правил возможно лишь по основаниям и в порядке, предусмотренном законом.

В соответствии со статьей 601 Гражданского кодекса Республики Казахстан по договору найма жилища собственник жилища или уполномоченное им лицо (наймодатель) обязуется предоставить гражданину (нанимателю) и членам его семьи жилище в пользование за плату. Договор найма должен быть заключен в письменной форме.

Договор найма жилья может быть расторгнут по желанию одной или двух сторон (нанимателя и наймодателя). Расторжение может происходить как в судебном заседании, так и в обычном порядке. Если расторжение происходит по обоюдному желанию обеих сторон или в связи с желанием нанимателя, тогда эта процедура проводится в обычном порядке.

В силу действующего жилищного законодательства наниматель вместе с другими проживающими с ним людьми имеет право расторгнуть договор найма при условии оповещения о своем решении наймодателя в письменной форме. Таким же образом договор имеет



Махаббат Магзумова
Судья Усть-Каменогорского городского суда

право разорвать и наниматель, снимающий жилье по договору социального найма.

Договор подлежит расторжению в случае изменения отношений наниматель – наймодатель с юридической точки зрения. Основание разрыва договоренностей – волеизъявление каждой из двух сторон. Таким образом, освобождение жилья нанимателем и его семьей юридически считается действием, свидетельствующим о расторжении договора по желанию нанимателя.

В случае нарушения нанимателем условий договора и невыполнения им обязанностей, взятых на себя при подписании договора найма, появляется основание для расторжения договора по инициативе наймодателя. При этом процедура происходит вне зависимости от желания нанимателя, а вследствие только желания наймодателя и (или) других людей, права которых были ущемлены нанимателем, и только в судебном порядке.

Эти ситуации, возникшие вследствие невыполнения нанимателем взятых на себя обязательств, приводят к расторжению договоренностей, и к принудительному освобождению жилья нанимателем.

Расторжение договоренностей относительно найма жилья происходит в трех случаях: по обоюдному желанию сторон; по желанию нанимателя и людей, проживающих с ним; согласно решению суда в связи с требованием наймодателя.

Расторжение договоренностей относительно найма жилья в судебном порядке по желанию наймодателя возможно в случаях, когда жилье подлежит разрушению (сносению), жилье переходит в нежилой фонд, жилье невозможно использовать по прямому назначению, отсутствие со стороны нанимателя оплаты стоимости найма или коммунальных платежей больше чем шесть месяцев, нанесение нанимателем существенного ущерба квартире (дому), постоянное нарушение нанимателем правил общежития по отношению к соседям, сдача нанимателем жилья в субаренду.


Итак, различая разницу между терминами «прекращение» и «расторжение» договоренностей относительно найма жилья, можно заключить, что договор найма жилья может быть прекращен в силу различных причин, не зависящих от человека либо в связи с окончанием срока найма. Во всех остальных ситуациях прекращение или расторжение договоренностей может происходить и по обоюдному желанию, и по желанию нанимателя, и по требованию наймодателя.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ
ДУХОВНОЕ ВОЗРОЖДЕНИЕ



ЗАҢ ҒЫЛЫМЫНЫҢ
ТАРИХЫНАН

ИЗ ИСТОРИИ
ЮРИДИЧЕСКОЙ НАУКИ





МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҚҰҚЫҚ ІЛІМІНІҢ НЫСАНЫ МЕН ПӘНІ ТУРАЛЫ ТҰЖЫРЫМДАР



Кәкен Сейітов
Шығыс Қазақстан
облыстық сотының
судьясы

Мемлекет пен құқық теориясының барлық заң мен құқықты зерттеуге арналған ғылымдардың іргетасы және бастапқы базасы екендігі жалпыға мәлім. Алайда осыншама маңыздылығына қарамастан ғылымның бұл саласының қазақ тілінде дамуына көңіл аударып жүргендер аз. Бүгінгі күні бұл бағытта қазақ тілінде көрнекті деп саналатын оқулықтардың бірі – ол Ғ.С. Сапарғалиев пен А.С. Ибраева бірлесіп жазған «Мемлекет және құқық теориясы» деген кітабы.

Кітаппен танысу барысында біз «Әр ғылымның немесе оқу пәнінің өзіндік зерттейтін, оқытатын пәні болады. Ғылымның немесе оқу пәнінің өзегі – ол зерттейтін мәселелердің жиынтығы. Мемлекет және құқық теориясының (МҚТ) пәні – бұл мемлекет пен құқықтың пайда болуының, дамуының және қызмет атқаруының жалпы заңдылықтары, олардың мәні, құрылымы, негізгі бөлшектері, принциптері, институттары. Сонымен қатар МҚТ қазіргі мемлекеттік құқықтық болмыстарды да қарастырады және жалпы құқықтық түсініктерді зерттейді» – дегенді оқимыз. А.С. Ибраева мен Н.С. Ибраев осы жазылғандарды «Теория государства и права» деген орыс тіліндегі оқулығында: «Предметом теории государства и права являются, во-первых, наиболее общие закономерности возникновения, развития и функционирования государства и права, во-вторых, система основных правовых понятий и категорий и, в-третьих, современная государственно-правовая действительность» – деп келтірген.

Бұдан біздің ұғатынымыз орыс тіліндегі «функционирование государства и права» дегеніміздің қазақ тіліне «мемлекет пен құқықтың қызмет атқаруы» – деп, ал «государственно-правовая действительность» деген сөздің

«мемлекеттік-құқықтық болмыс» – деп аударылғаны. Алайда оқулықта «мемлекет пен құқықтың қызмет атқаруы, мемлекеттік-құқықтық болмыс» дегеннің не екендігі түсіндірілмейді.

Менің бұл мақаламның мақсаты мемлекет пен құқық теориясының жалпы құқықтық түсініктерін қазақ тілінде зерттеуді жүргізе бастау болып табылады. Зерттеуді мақалада алғашқылардың бірі болып қолданылған «пән» сөзінен бастайын.

Сөздіктерден «пән» дегеніміз, бірінші оқушыларға арналған білімнің бір саласы, жеке сабақ бағыты екендігін, екінші ертеде бұл сөз «ғылым» деп те түсіндірілгенін көреміз. Бұдан біз «пән» деген сөздің бүгінгі күні оқудың немесе ғылымның зерттелуге арналған заты аталатындығын көреміз. Сонда аталған кітапта келтірілген оқу пәнінің пәні деген сөздер нені білдіреді?

«Қазақша-орысша сөздікке» сүйенсек қазақтың «пән» сөзі орыс тіліне («научная» дисциплина) және «учебный предмет» деп аударылады. Осыдан соң орыс тіліндегі «дисциплина» сөзінің мағынасын іздесек, бұл сөз орыс тіліне латын тілінен алынған кірме сөз екендігін көреміз, бірінші – белгілі бір ұжым мүшелеріне міндетті түрде белгілі

бір анық айқындалған тәртіпке бағыну дегенді білдіреді. Екінші – қатаң тәртіпті сақтаудан пайда болатын дағды мен ұстамдылық осы сөзбен қамтылады. Үшінші – бұл сөз ғылым, ілім дегендердің де мағынасын бере алады. Сондықтан белгілі бір ғылымның дербес саласы да осы сөзбен атала береді екен.

«Дисциплина» сөзінің қазақ тіліндегі баламасын іздесек, бұл сөз латын тіліндегі *disco* (оқы деген мағына береді) деген сөзден ербіп, қазақ тіліне «тәлім, тәрбие» – деп аударылатынын көреміз. Сөздің орыс тіліндегі мағынасы қазақ тіліне, бірінші-тәртіп, («воинская дисциплина» дегеніміз әскери тәртіп), екінші – ғылым саласы ретінде «дербес пән, сала» деп аударылғанын көреміз, мысалы, «исторические дисциплины» деген ұғым қазақ тіліне «тарих пәндері» деп аударылған. Бұл жерде «дисциплина» сөзін қазақ тіліне «тәртіп» немесе «пән» деп қана аудару салудың дұрыс еместігі көзге бірден түседі. Сөздің «тәрбие, тәлім» деген мағыналары қолданылмай қалған. Бұл орайда сөздің «тәрбие» деген мағынасын пайдалану қате болмаушы еді, алайда «тәрбие» сөзі оқу ісінде орыс тіліндегі «воспитание» сөзімен тығыз байланыста тұр және құқық саласында да «воспитание» сөзі мен «тәрбие» сөзі термин ретінде кеңінен қолданылады.

Сондықтан оқу ісінде қолданатын «дисциплина» сөзінің «тәлім» мағынасына тоқталу жөн сияқты. Себебі «тәлім» сөзі де тәртіпке бағынудың нәтижесінде қол жеткізетін белгілі бір дәрежедегі тәрбие, ондай дәрежеге жеткен адам басқаға үлгі, өнеге болып саналады.

Орыс тіліндегі «воинская дисциплина, исторические дисциплины» деген ұғымдар қазақ тілінде «әскери тәлім, тарихтық тәлімдер» деп ұғылып, орыс тіліндегі «дисциплина», «военный порядок» деген ұғымдар қазақ тілінде де «әскери тәлім және әскери тәртіп» деп жеке-жеке түсіндірілсе, оқу мен ғылым ісінде де «научная дисциплина» мен «учебная дисциплина» деген ұғымдар «пән» емес «тәлім» ретінде алына өз мәндеріне сәйкестене түсуші еді.

Мемлекет пен құқық теориясы өзінің аты айтып тұрғандай мемлекет пен құқық мәселелерін зерттейді. Алайда мемлекет пен құқық мәселелерін мемлекет және құқық ілімдерінің тарихы, құқық философиясы, политология, социология деген сияқты басқа да ғылым салалары зерттейді, демек, мемлекет пен құқық мәселелері жалғыз мемлекет пен құқық теориясының ғана пәні емес, аталған ғылым салаларының да пәні болып шығады. Бірақ аталған ғылым салалары бұл пәнді әрқайсысы өзінше зерттейді.

Яғни осындай ғылым салалары үшін мемлекет пен құқық мәселелері ортақ пән болып табылады. Осындай ортақ пәнді жалқы пәннен ажырата білу үшін ғылымда «объект» ұғымы пайдаланылады. «Объект» ұғымы «пән» ұғымына қарағанда өз бойына көп мазмұн ала біледі. Латын тілінен қазақ тіліне аударғанда «объект» сөзі сол баяғы «пән» ұғымын береді, бірақ «дисциплина» сөзін жай ғана «тәртіп» деп аудару салу дұрыс болмайтындығы сияқты «объект» сөзін де жай ғана «пән» деп ала салуға болмайды.

«Объект» ұғымының қазақ тіліндегі ең дұрыс баламасы ретінде «нысан» сөзі қолданылады. Алайда бүгінгі күні «нысан» сөзі «форма» сөзінің де аудармасы болып жүр. «Нысан» сөзін біресе «объект» түсінігімен, біресе «форма» түсінігімен араластыра қолдану үлкен қателік, себебі «объект» ұғымы да, «форма» ұғымы да біз зерттеуге кіріскелі отырған мемлекет пен құқық теориясының іргетасын қалайтын, әр басқа мағынамен пайдаланылатын құқықтық терминдер болып табылады. Сондықтан алдымен «объект» терминімен біраз айналысудан басқа шара қалмайды.

Философиялық тұрғыдан келгенде объект дегеніміз – ол біздің зерттеуімізге жататын дүние, яғни тану пәні. Зерттеушіні ғылыми тілмен айтқанда субъект дейді, зерттелетін затты объект дейді.

Объект ұғымының және бір мағынасы – ол қандай да бір қайраткерліктің айналысатын затын, пәнін белгілейтіндігі. Осы тұрғыдан келгенде, объект сөзінің үшінші мағынасы да түсінікті бо-

лады – ол кез келген мекемені, кәсіпорынды, сол мекеме мен кәсіпорын айналысатын жұмысты, мысал үшін, салынып жатқан құрылысты да объект деп атайындығы сөздің осындай мағынасынан туындағандығында жатыр.

Қазақ тіліндегі мемлекет пен құқық теориясы пәні жағынан да, нысаны жағынан да зерттеуді қажет етеді, міне сондықтан оны біз екі жағынан да қарастыруға мәжбүр боламыз. Қарастыруды оқу тәлімінің «теория» деген атауынан бастайын. «Теория» деп грек тілінде, бірінші, кез келген бақылау, зерттеу жұмыстары аталады, екінші, қандайда бір ғылымды немесе оның бөлімін құрастыратын ортақтастырылған ережелердің, қағидалардың жиынтығы осылай аталады.

«Теория» деп зерттеуге жатқызылған нысанның (пәннің) табиғатын, болмысын, заңдылықтарын, атқаратын қызметтерін мен даму жолдарын ғылыми тұрғыдан ашуға қауқары жететін жүйеленген ұғымдар мен ортақтастырылған білімдер жүйесі аталады. Ғылыми жолмен келгенде мұндай білімдер жүйесін орыс тілінде «наука», «теория», «учение», «доктрина» деп бөлуге болады. «Наука» дегеніміз қазақ тіліне, дау жоқ, «ғылым» деп аударылады. «Учение» мен «доктринаның» мағынасы біреу-ақ, себебі орыс тіліндегі «учение» дегеніміз латын тіліндегі «доктрина» деген сөздің аудармасы ғана. «Теорияны» біз қазақ тіліне «ілім» деп аударсақ, «теореманы» «ілімме» деп аудару алатын боламыз. «Учение» мен «доктринаның» қазақшасы сонда «үйрету немесе оқыту болып қалыптасады. «Ученый» деген біз үшін ғалым болса, «доктор» деген біз үшін емші ғана емес, ең бірінші оқымысты деп дұрыс түсіндірілетін еді.

Атаулардың мұндай айырмашылықтарын ұғына білудің маңызы зор. Мысалы орыс тілінде мемлекет пен құқық туралы білім «теория» деп аталса, олардың тарихы туралы білім «учение» деп аталады. Айталық, оларда «теория государства и права» мен қатар «история учений о государстве и праве» деген ұғымдар бар. Сөйтіп орыс ғалымдары «теория» мен «учение» бір-бірінен жасанды түрде бөледі, біз де солай бөлуді үйренуіміз керек.

Мемлекет әлеуметтік көріністің саяси құбылысы болып келсе, құқық сол әлеуметтік көріністің заңи (орыс тілімен айтқанда «юридический») құбылысы болып келеді. Орыс тіліндегі «юридический» деген ұғым ең алдымен сол тілдегі «право» мен «закон» ұғымдарын жекелемей, олардың өз алдына бір-бір бөлек салалар екендігінен ауытқып, оларды біріктіріп атау үшін қажет, қазақ тілінде де біз заң мен құқықты заңи деп біріктіруге ұмтыламыз, алайда, оның нәтижесі шамалы болып шығатындығына көз жеткізу қиын емес.

Жалпы, ғылымның өзі жаратылыстық, техникалық, қоғамдық, гуманитарлық деп сала-салаға бөлінеді. Ал, мемлекет пен құқық ілімі ғылымның қоғамдық саласына жатады. Қоғамдық ғылым ретінде мемлекет пен құқық ілімі ең алдымен философиямен тығыз байланыста болады. Себебі философия мемлекет пен құқық туралы білімді олардың қоғамға және адамға деген құндылығы немесе құнсыздығы арқылы қарастырып, бостандық, функция, форма, объект, субъект, түр деген сияқты категорияларды зерттейді, дәл осы категориялар мемлекет пен құқық ілімінің де ұғымдары ретінде қолданылады.

Шетелдердің бір қатарында мемлекет пен құқық оқу тәлімі «юриспруденция» деп аталады. Қазақ тіліне бұл терминді заңтану деп аударған. Алайда «юриспруденция» деп заңтану ғылымдары ғана емес, сонымен қосып заңгерлердің кәсіби қайраткерлігі де солай аталатындығын айта кету қажет. Бұл орайда заңтану ғылымдарының өзінің бөлек жүйесі бар екендігін де ұмытпау керек. Бұл жүйе келесі бөліктерден құралады:

1. Тарихи-құқықтық, ілімдік-құқықтық ғылымдар мен оқу тәлімдері. Бұларға мемлекет және құқық тарихы, саяси және құқықтық ілімдер тарихы, мемлекет пен құқық ілімі, құқық философиясы, құқық социологиясы, салыстырмалы құқықтану және жаңадан дамып келе жатқан «юридическая конфликтология» деген ғылыми сала немесе оқу тәлімі жатқызылады.

Бізге «юридический» деген ұғымға өзінің қазақ тіліндегі дұрыс

баламасын табудың маңызы осы «конфликтологияға» байланысты мәселеден-ақ көрініп тұр. «Конфликтологиямыз» қақтығыс немесе соқтығыс болса, оған «юридическая» дегенді заңи деп тіркесек, ол заңиымызды біз заңды деп ұғуымыз оңай, олай болса бізге қақтығысты заңды мен заңсызға бөлуімізге тура келеді, ал олардың біріншісі орыс тіліне «законный» болып аударылса, екіншісі «не законный» болып аударылады. Сондықтан «юридический» деген сөздің заңи деп аударылуы дұрыс еместігін осы жерде тағы бір рет қайталап айта кету керек. Мысалы, біз «юридический институт» дегенді қазақ тіліне заң институты деп аударамыз, сөйтіп «юридическая конфликтология» дегенді біз не заңды қақтығыс, не заңи қақтығыс деп қазақ тіліне аударалмаймыз.

2. Салалық және салааралық заң ғылымдары мен оқу тәлімдері. Бұларға конституциялық құқық, азаматтық құқық, әкімшілік құқық, отбасылық құқық, қылмыстық-процестік құқық, азаматтық-процестік құқық, еңбек құқығы, жер қатынастары құқығы, экологиялық құқық және басқа да құқық салалары жатқызылады. А.С. Ибраева мен Н.С. Ибраевтың «Теория государства и права» атты оқулығында осы салаға прокурорлық қадағалауды да жатқызуға болады деп көрсетіліпті.

Алайда прокурорлық қадағалауды оқитын сабақ ретінде оқу тәлімі деп ғана ұғынуға болады, себебі ғылыми тұрғыдан келгенде прокурорлық қадағалау ғылыми тәлім болып ұғылатын сот ісінің (әділсоттың, яғни «правосудиенің») бір оқулық бағдарламасы (учебный курс) ғана болып табылады.

3. Қолданбалы заң ғылымдары мен оқу тәлімдері. Бұларға криминалистиканы, кримиологияны, сот медицинасын, сот психиатриясын, сот статистикасын, заңи психологияны және сол сияқты басқа да салаларды жатқызуға болады.

Мемлекет пен құқық ілімінің тарихи-құқықтық ілімдермен байланысының мәнісі оның тарихи деректерсіз өз маңызын жоғалтып алатындығында жатыр.

Яғни тарихи-құқықтық ілімдердің жетістіктері мемлекет пен құқық ілімінің бүгінгі күнгі жетістіктерінің негізін қалайды.

Бір сөзбен айтқанда мемлекет пен құқық ілімінің қоғам туралы ғылымдағы орны мен оның қоғам туралы ғылымдардың әртүрлі салаларымен қарым-қатынасы жөніндегі пікірлер мен көзқарастар әртүрлі болып келеді.

Мемлекет пен құқық ілімі және құқық философиясы өзара үйлесімді, бірі-бірін толықтырып отыратын ғылымдар болғанымен, олар бір-бірінің орнын ауыстыра алмайды, себебі мемлекет пен құқық ілімі мемлекет пен құқықтың дамуының жалпы заңдылықтарын зерттесе, құқық философиясы сол заңдылықтардың ішкі сырларын және қырларын сыртқа шығарып, мәніне жетуге тырысады. Яғни олардың зерттейтін нысандары бірдей болғанымен, зерттейтін пәндері бөлек.

Мемлекет пен құқық ілімі мен салыстырмалы құқықтану байланыстарына келетін болсақ, соңғысы әртүрлі халықтар мен елдердің құқықтық жүйесін зерттеп, олардың ортақтығы мен өзгешеліктерін ажыратады, мемлекет пен құқық ілімі ол ортақтықтар мен өзгешеліктерді өзінің дамуына пайдалы немесе пайдасыз деп бөле алады. Салыстырмалы құқықтану саласы Қазақстанда жаңа дамып келе жатқан ғылымдардың бірі екендігін айта кеткен жөн болады. Бұл ғылымның компаративистика деген өзінің халықаралық атауы бар, еуропалық елдерде ғылымның бұл саласы 150 жылдан бері дамып келеді.

Басқа заңтану ілімдерімен байланыстарының соншама әртүрлі болуына қарамай, мемлекет пен құқық ілімі өзінің шешуін табуға арналған ең басты есебі ретінде барлық маманданған заңтану ғылымдарының негізін қалайтын ұғымдардың қисыны жетілдірілген, толыққанды жүйесін жасап, осы ғылымдардың барлық жетістіктерін сыртқы ғана емес, ішкі бірлестікпен де ерекшеленетін, үйлесімді біртұтастыққа әкелетін ортақтастыруға қол жеткізуді көздейді.

Менің де осы мақаламда көздегенім сол ұғымдардың қисыны жетілдірілген, толыққанды жүйесі қазақ тілінде жасала басталса ғой деген мақсат.

ТІЛ МӘРТЕБЕСІН КӨТЕРУ ТЕК ӨЗІМІЗГЕ БАЙЛАНЫСТЫ



Ардақ Әкетаев
Жамбыл облыстық
сотының судьясы

Әр судьяның күнделікті жұмысында қолданатын заңдар мен кодекстерден тұратын жеке кітапханасы бар. Заңдар мен заң жинақтары сот жұмысының негізгі жұмыс құралы болып саналатындықтан оның кейбіреуіне судьяның бір жұмыс күні ішінде бірнеше рет шолу жасап, қолдануына тура келеді. Тіпті процессуалдық кодекстерді күні бойы үздіксіз пайдаланатын кездер де болады. Әрине, мұндай қолданыстан кейін мұқабалары мүжіліп, парақтары жырым-жырым болған кітаптар ескіріп кетеді. Сәйкесінше, судьяның бұл кітаптарды жиі-жиі ауыстырып тұруына тура келеді.

Аталған процестің бір ерекшелігі, қазақ тіліндегі заңдар мен кодекстер жинақталған кітаптар тез ескірмейді. Себебі соттар бұл кітаптарды олардың орыс тіліндегі нұсқалары сияқты күн сайын пайдаланбайды, олар өте сирек қолданылады. Сондықтан бұл кітаптар баспа бояуының иісі кетпеген жаңа күйінде қала береді. Ал қолданыстағы заңдардың жиі-жиі өзгерістерге ұшырайтындығын ескерсек, бұл кітаптар судья кітапханасының «мұрағатына» жап-жаңа күйінде сақталуға өтеді.

Бастапқыда қазақ тіліндегі кітаптар да баспаның сергелдең жолынан өтіп, оңайшылықпен жарық көрмейді. Өкініштісі осындай еңбекпен әрі көптеген тиражбен шығатын кітаптар бүкіл қоғам үшін өз деңгейінде қызмет жасап үлгермейді. Бұл көпшілікке белгілі, қазіргі кезде нақты айқындалған проблема ғана.

Аталған жайт сот қауымдастығының қазақ тілді буынына белгілі нәрсе болса, орыс тілді мамандар бұл проблемаға қызығушылық танытпайды және олар қазақ тілін соттағы іс жүргізуге енгізуге

жеткілікті түрде ат салыспайды. Тіпті бұндай мәселе бар-жоқтығынан бейхабар, бұл тек өзге ұлт өкілдері туралы ғана емес, өз ана тілін жетік білмейтін қазақ ұлтының мамандары жөнінде де болып отыр. Бұл мәселе тек сот саласында ғана емес, қоғамның басқа да салаларында бар мәселе.

Тағы да айта кететін жайт, біз көпшілік жиналған жерде, қоғамдық орындарда, қазақ тілінде сөйлессек, басқа ұлт өкілдерінің құқықтары мен бостандықтарын шектейміз деген жалған көзқарас бар. Алайда, бұл әр азаматтың заңмен белгіленген құқығы, ал өзіне тиесілі құқығын пайдалану әр азаматтың өз еркінде. Егер біз өзара қазақша сөйлессек басқа ұлт өкілдерінің қазақ тілін үйренулеріне көмектесеміз әрі тіліміздің мәртебесін көтереміз.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы аясындағы ұлт жоспарының дер кезінде жарияланғаны қоғамға жаңа бір серпіліс беріп, мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтеруге үлкен үлес қоспақ.

Аталған мақаланың «Ұлттық бірегейлікті сақтау» атты бөлігінде Елбасы «ұлттық салт-дәстүріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс», – деп атап көрсете отырып, ұлтымызды сақтаудың бірден-бір жолы тіл мәртебесінің әрқашанда биік болуында екендігін көрсетіп отыр.

Мемлекеттік тілдің деңгейін көтеруге бүгінде айтарлықтай қаржы жұмсалуда, бірақ соның дұрыс орындалуы тиісті деңгейде қадағаланып отырылған жоқ. Құзіретті органдардың жаттанды баяндауларына сәйкес қаражат толық игеріліп, жұмыс толық атқарылуда. Қаражат мүмкін толық игеріліп жатқан да шығар, ал жұмыстың тиісті деңгейде атқарылып жатқандығына күмән бар, себебі жұмыс толық түрде орындалған болса, осы оқу процесіне қатынасқан азаматтар қазір қазақ тілінде сөйлеген болар еді.

Енді бұл мәселемен қалай күресіп, осы бағыттағы жұмыстарды қалай жандандыруға болады?

Ең бірінші – жиналыстар қазақша өткізіліп, баяндамалар қазақ тілінде жасалынуы тиіс. «Мекемелердегі іс жүргізу мемлекеттік тілде жүргізіліп жатыр» деген жаттанды ұраннан арылып, тексеру жұмыстары жүргізілуі керек.

Екінші – бұл бағытта жүргізіліп жатқан жұмыстар реттеліп, дер кезінде орындалмаған жоспарлар мен жекелеген жұмыстар үшін тиісті мамандарға жауапкершілік жүктелуі керек. Нақты атқарылмаған жұмыстар жеке-жеке талданып, әр қателік назардан тыс қалмауы қажет.

Тіл мәртебесін көтерудің нақты құралының бірі – ол мекеме басшысының мемлекеттік тілде сөйлеуі. Заңда, заңға сәйкес құқықтық актілерде басшының жиналысты мемлекеттік тілде жүргізуі белгіленіп, оның орындалуы тиісті хаттамамен бекітіліп, қажет болған жағдайда ол бейнетаспаға жазылуы тиіс. Бұл атқарылған жұмысты нақты қадағалауға мүмкіндік береді.

Әрине, бастапқыда бұл қиындық туындатар, бірақ уақыт өте келе ол қалыпты құбылысқа айналады. Сонымен қатар, қазақ тілін меңгеруде жетістікке жеткен басқа ұлт өкілдері міндетті түрде марапатталып, ол жариялы түрде жүргізілуі қажет.

Сот тәжірибесінде де тіл мәртебесіне қатысты келеңсіз жайттар орын алып отырады.

Атап айтқанда, заңның қазақ тіліндегі нұсқасы, оның орыс тіліндегі нұсқасымен сәйкес келмей қалатын жағдайлар да кездеседі. Осы заң нормаларын саралағанда олар екі түрлі мағына беріп, заңды қолдануда қарама-қайшылық туындатқан кездер де болған. Белгілі бір құқықтық жағдайда заңның қазақша нұсқасы қолданылса бір тараптың құқығы бұзылып, екінші тарап жеңілдік алады, ал орысша нұсқасы қолданылса процес керісінше болады. Сондықтан, қандай жағдайда болмаса да бір тілдегі заңның екінші бір тілдегі заң алдындағы айқын басымдылығы белгіленуі қажет.

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында «қазақ және орыс тілдеріндегі нормативтік құқықтық актілердің мәтіндері тең түпнұсқалы болуға тиіс» деген бап бар. Бірақ біздің жағдайымызда тек қазақ тіліндегі заңның түпнұсқалығы заң жүзінде белгіленіп, басқа тілдегі заңдар оның аудармасы ретінде жүруі қажет.

Құжаттар бастапқыда тек қазақ тілінде даярланып, содан кейін ғана орыс және басқа тілдерге аударылуы тиіс. Бұл процес көп уақыт пен қаражат жұмсауды қажет ететіндігі рас, бірақ қазақ тілінің мәртебесін көтерудің басқа жолы тиімсіз болып отыр.

Ұлттың саулығы, оның өзіне ғана тән әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі бірінші кезекте сол ұлт өкіліне ғана керек, ал басқа ұлт өкілдері оны тек үлкен қызығушылық пайда болған кезде немесе соған ықпал ететін мемлекет тарапынан атқарылатын тиісті жұмыстар нәтижесінде ғана қажет етеді.

Әр этникалық топтың тілі мен тұрмыс-тіршілігіндегі өз мәдениеті бар. Бұл құндылықтардың жоғалуы тұтастай бір ұлттың жоқ болып кетуіне әкеліп соғады. Тарихқа жүгінсек көптеген ұлттардың ұлт ретінде жоқ болып кетуінің ең басты себебі, көптеген жағымсыз процестердің салдарынан (ұлттық тілдің мәртебесін төмендету, басқа тілді күштеп оқыту, соғыс, отарлау саясаты және т.б.) олардың өз ұлттық тілін жоғалтып алуы.

Осындай себептер ұлттың ұлт болып қалуында тіл мәселесінің зор роль атқаратынын көрсетеді. Сондықтан да келешек ұрпаққа өз дәстүрімізді, мәдениетіміз бен тілімізді жеткізу үшін ұлттығымыздың мәртебесін көтеру басты міндет болуы тиіс.

«ҚАЗАҚТЫҢ ҚАРА ТІЛІ» АТАНҒАН АҚТАЙЛАҚ БИ

Қазақ тарихында өзінің ізін қалдырған, Семей өңірінде Жарма ауданында адал және парасатты қызмет атқарған Ақтайлақ бидің рөлі өте маңызды болған. Ақтайлақ Байғараұлы 1720-1816 жылдар аралығында өмір сүрген, қазақ халқының атақты шешен биі, әрі төкпе ақыны болған.



Айгүл Садуақасова

*Шығыс Қазақстан
облысы
Жарма аудандық
сотының судьясы*

Ақтайлақ бидің туған жерін, оның өмірін, атқарған билігін терең зерттеген әдебиет зерттеушісі Серікқазы Қорабаев кітап жазып, онда «Семей облысының Жарма, Аягөз, Таскескен аудандарын мекендеп отырған найман ішіндегі Сыбан руының Жангөбек тармағынан шыққан Нарынбай сөзге шешен, әділ би болған екен. Оның баласы Құттыбай қазақ шежіресінде асқан шешендігіне орай «Қу дауысты Құттыбай» деген атпен белгілі болған. Құттыбайдан Байғара, Боран, Ботақара, Сейтен тарайды. Шетінен сөзге жүйрік, шешен болғандықтан бұл төртеуін ел арасында «Бас ауыл» деп атаған. Сол Құттыбайдың Байғарасынан туған Ақтайлақ би өз заманында алдына жан салмайтын, үлкен рулардың шешендерімен қағысқанда бір ауыз мақалмен немесе толғау жырмен елді тоқтататындықтан «қазақтың қара тілі» атаныпты» – деп жазылған.

Ақтайлақ би шамамен 1720 жылы қазіргі Семей облысының Абай мен Жарма аудандарының ортасындағы Құндызды өңірінде туып, жүзге қараған шағында дүниеден өткен екен.

Ақтайлақ бидің зираты Аягөз ауданының «Ақши» кеңшарының жерінде. Ақтайлақ биден тарайтын Әкімбай, Кеңсебай, Жарасбай, Сабырбайдың ұрпақтары бүгінде өсіп-өнген. Семей, Талдықорған, Оңтүстік Қазақстан, Алматы облыстарында еңбек етеді.

Ақтайлақ жас кезінде батасын алайын деп ұлы жүз Шымыр биге

барыпты. Үйге сәлем беріп кірген соң, Шымыр би:

– Шырағым, қай баласың? – деп жөн сұрапты. Сонда Ақтайлақ:

– Жангөбек, қу дауысты Құттыбайдың немересімін, Байғара бидің баласымын. Сізге сәлем беріп, батаңызды алайын деп келдім, – депті.

Шымыр би:

– Е, қу дауысты Құттыбайдың болайын деп тұрған немересі бар деуші еді, сол сен боларсың. Көш бастап көсем, сөз бастап шешен болайын деген екенсің. Онда балам, жолдастың жүзін алма, бірін ал. Бір кісі жүз кісіге олжа салар. Жақсымен жолдас болсаң жетерсің мұратқа, жаманмен жолдас болсаң қаларсың ұятқа. Өгізді өрге салма, қанатыңды талдырады, жаманға ісің түссе, сағыңды сындырады, жауға сырыңды айтпа, пәлеге қалдырады, – деп өсиет айтыпты да, сөзін әрмен жалғай беріпті.

– Балам бір-екі ауыз сөз сұрайын, білсең айта қойшы? Арзан не, қымбат не? Алыс не, жақын не? Жаман не, жақсы не? Қатты не, тәтті не? – депті.

Сонда Ақтайлақ бала:

– Арзаныңыз – өтірік, қымбатыңыз – шындық. Алысыңыз – жұмақ, жақыныңыз – өлім.

Жаманыңыз – қиянат, жақсыңыз – адалдық. Қаттыңыз – жоқшылық, тәттіңіз – бала. Бала үшін отқа да, суға да түсесің, – деп жауап беріпті.

Ақтайлақ баланың бұл жауабына риза болған Шымыр би оған батасын беріпті.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ УГОЛОВНЫЙ ПРОЦЕСС



НЕКОТОРЫЕ ОСОБЕННОСТИ РАССМОТРЕНИЯ ДЕЛ О КОРРУПЦИОННЫХ ПРЕСТУПЛЕНИЯХ

Закон Республики Казахстан «О борьбе с коррупцией», принятый в 1998 году, свидетельствует о приверженности молодой республики идее построения правового государства, неотъемлемой частью которой является борьба с коррупцией.



Кайрат Чалкаров
*Председатель
специализированного
межрайонного суда
по уголовным делам
Западно-Казахстанской
области*

Согласно определению, данному в Законе, коррупция – это не предусмотренное законом принятие лично или через посредников имущественных благ и преимуществ лицами, выполняющими государственные функции, а также лицами, приравненными к ним, с использованием своих должностных полномочий и связанных с ними возможностей либо иное использование ими своих полномочий для получения имущественной выгоды, а равно подкуп данных лиц путем противоправного предоставления им физическими и юридическими лицами указанных благ и преимуществ.

Кроме того, было установлено, что правонарушения, связанными с коррупцией (коррупционными правонарушениями), являются предусмотренные настоящим Законом, а также иными законами деяния, сопряженные с коррупцией или создающие условия для коррупции, которые влекут установленную законодательством дисциплинарную, административную и уголовную ответственность.

В целях устранения недостатков при рассмотрении уголовных дел о преступлениях, связанных с коррупцией и совершенствования деятельности судов по делам этой категории Верховным Судом Республики Казахстан 13 декабря 2001 года было принято нормативное постановление «О практике рассмотрения судами уголовных дел о преступлениях, связанных с коррупцией». В этом, ныне утратившем силу, нормативном постановлении было установлено, что целью преступления, связанного с коррупцией, является совершение должностным лицом умышленных незаконных действий с использованием своего служебного положения в интересах других лиц, сопряженное с незаконным получением от них имущественных благ и преимуществ как для себя, так и для других лиц.

При отсутствии указанных обстоятельств, преступления против интересов государственной службы не могут относиться к преступлениям, связанным с коррупцией.

Законом от 25 сентября 2003 года статья 41 Уголовного кодекса была дополнена примечанием, с разъяснением, что коррупционными преступлениями признаются преступления, предусмотренные пунктом г) части третьей статьи 176, пунктом а) части третьей статьи 193, пунктом а) части третьей статьи 209, статьей 307, пунктом в) части четвертой статьи 308, статьями 310-315, статьей 380 УК.

Этим же Законом наименование главы 13 УК было изложено в новой редакции: «Коррупционные и иные преступления против интересов государственной службы и государственного управления», при этом в пунктах 1-4 примечания к статье 307 УК дано разъяснение понятий: лицо, уполномоченное на выполнение государственных функций; лицо, приравненное к лицу, уполномоченному на выполнение государственных функций; должностное лицо; лицо, занимающее ответственную государственную должность.

Кроме того, указанным Законом части третьи статей 176, 193, 209 УК дополнены пунктами, соответственно, г), а), а) с указанием признака «лицом, уполномоченным на выполнение государственных функций, либо приравненным к нему лицом, если они сопряжены с использованием им своего служебного положения». Также статьи 307, 308, 310, 314, 315 УК изложены в новой редакции, а в статье 311 и

312 УК внесены изменения с конкретизацией субъектов преступления в соответствии с пунктами 1-4 примечания к статье 307 УК.

Законом от 21 июля 2007 года пункт 1 примечания к статье 41 УК был исключен, а примечание к статье 307 УК дополнено пунктом 5 следующего содержания: «коррупционными преступлениями признаются преступления, предусмотренные пунктом г) части третьей статьи 176, пунктом в) части второй статьи 192, пунктом а) части третьей статьи 193, пунктом а) части третьей статьи 209, статьей 307, пунктом в) части четвертой статьи 308, статьями 310-315, статьей 380 настоящего Кодекса, в случаях получения лицами, их совершившими, имущественных благ и преимуществ».

Анализ диспозиции статей, в различное время отнесенных к коррупционным преступлениям, свидетельствует о постоянной работе над совершенствованием антикоррупционного законодательства.

В первое время после принятия Закона «О борьбе с коррупцией» коррупционными считались дела о преступлениях, в том числе, предусмотренных статьей 176 частью второй пунктом «в» УК (хищение чужого имущества, вверенного виновному, с использованием служебного положения), статьей 177 УК (мошенничество), статьей 189 УК (воспрепятствование законной предпринимательской деятельно-

сти), статьей 209 частью второй пунктом «б» УК (экономическая контрабанда, совершенная лицом с использованием служебного положения), статьей 228 УК (злоупотребление полномочиями лицом, выполняющим управленческие функции в коммерческой или иной организации), статьей 231 (коммерческий подкуп лица, выполняющего управленческие функции в коммерческой или иной организации).

Поскольку приведенные статьи не соответствовали определению коррупции, данному в Законе «О борьбе с коррупцией», как указано выше, в Уголовном кодексе был определен конкретный перечень коррупционных преступлений с привязкой их совершения к получению имущественных благ и преимуществ.

Вместе с тем, в судебной практике вызывало затруднение применение п.1 и п.3 примечания к ст.307 УК, согласно которым должностные лица относились как к лицам, уполномоченным на выполнение государственных функций, так и являлись самостоятельным субъектом коррупционных преступлений.

Данный вопрос нашел разрешение в статье 3 Уголовного кодекса в редакции 2014 года, в пункте 26), согласно которой должностным лицом определено лицо, постоянно, временно или по специальному полномочию осуществляющее функции представителя власти либо выполняющее организационно-распорядительные или административно-хозяйственные функции в государственных органах, органах местного самоуправления, а также в Вооруженных силах Республики Казахстан, других войсках и воинских формированиях Республики Казахстан, а в пункте 27) лицом, уполномоченным на выполнение государственных функций определен государственный служащий в соответствии с законодательством Республики Казахстан о государственной службе, а также депутат маслихата.



В пункте 29) статьи 3 нового Уголовного кодекса нашел отражение перечень коррупционных преступлений, который по сравнению с ранее действовавшим УК был значительно расширен. В частности, к коррупционным преступлениям дополнительно отнесены: ст.ст.190 ч.3 п.2 (мошенничество), 215 ч.2 п.3 (лжепредпринимательство), 216 ч.2 п.4 (совершение действий по выписке счет-фактуры без фактического выполнения работ, оказания услуг, отгрузки товаров), 217 ч.3 п.3 (создание и руководство финансовой пирамидой), 249 ч.3 п.2 (рейдерство), 307 ч.3 п.3 (организация незаконного игорного бизнеса), 451 ч.2 п.2 (превышение власти), 452 (бездействие власти).

В связи с изменением антикоррупционной политики государства, 18 ноября 2015 года был принят Закон «О противодействии коррупции», в пункте 6) статьи 1 которого установлено, что коррупция – это незаконное использование лицами, занимающими ответственную государственную должность, лицами, уполномоченными на выполнение государственных функций, лицами, приравненными к лицам, уполномоченным на выполнение государственных функций, должностными лицами своих должностных (служебных) полномочий и связанных с ними возможностей в целях получения или извлечения лично или через посредников имущественных (неимущественных) благ и преимуществ для себя либо третьих лиц, а равно подкуп данных лиц путем предоставления благ и преимуществ.

По мнению автора, перечень субъектов подлежит корректировке, поскольку согласно пункту 2 нормативного постановления Верховного Суда Республики Казахстан от 27 ноября 2015 года «О практике рассмотрения некоторых коррупционных преступлений», помимо лиц, перечисленных в Законе, к субъектам коррупционных преступлений относятся также и лица, выполняющие управленческие функции в коммерческой или иной организации, а также должностные лица иностранного государства или международной организации.

Судебной практикой установлено, что если получившее взятку лицо не обладало полномочиями по решению вопроса в пользу взяткодателя, то его действия подлежат квалификации как мошенничество. В этой связи хотелось бы

обратить внимание на процессуальный статус взяткодателя.

В нормативном постановлении от 22 декабря 1999 года «О практике применения судами законодательства об ответственности за взятничество», равно как и в принятом ему взамен нормативном постановлении от 27 ноября 2015 г. «О практике рассмотрения некоторых коррупционных преступлений», установлено, что лицо, давшее взятку, освобождается от уголовной ответственности, если в отношении его имело место вымогательство взятки либо это лицо добровольно сообщило правоохранительному или специальному государственному органу о даче взятки. Сообщение о преступлении должно признаваться добровольным, независимо от мотивов заявителя. Не может признаваться добровольным сообщение, сделанное в связи с тем, что о даче взятки стало известно правоохранительному или специальному государственному органу.

Однако в последнее нормативное постановление не вошло важное по мнению автора положение о том, что освобождение взяткодателя от уголовной ответственности по вышеуказанным основаниям не означает отсутствие в действиях этого лица состава преступления, поэтому он не может признаваться потерпевшим и не вправе претендовать на возмещение ему ценностей, переданных в виде взятки.

Возврат предмета взятки возможен только в случае, если имело место вымогательство, и взяткодатель сообщил об этом правоохранительным органам до передачи взятки.

Приведу следующий пример. Имеет место несколько эпизодов взятничества, при этом взяткодатель заявил о вымогательстве только по последнему эпизоду до передачи взятки. В этом случае взяткодатель вправе рассчитывать на возврат предмета взятки по последнему эпизоду. Некоторые из эпизодов квалифицированы не как получение взятки, а как мошенничество, и взяткодатель по ним признается потерпевшим, с наделением права на возврат предмета взятки.

Автор полагает, что такое положение недопустимо, поскольку взяткодатель осознавал, что дает именно взятку, то есть в его действиях имеется состав преступления, поэтому он не может признаваться потерпевшим и не вправе претендовать на возврат предмета взятки.



ПРИМИРИТЕЛЬНЫЕ ПРОЦЕДУРЫ В УГОЛОВНОМ ПРОЦЕССЕ



**Айсұлтан
Балмұханов**

*Председатель суда
№ 2 г.Актобе*

Закон о медиации регулирует общественные отношения в сфере организации медиации в Республике Казахстан, определяет статус медиатора, ее принципы и процедуру проведения. Термин «медиация», означающий посредничество, в настоящее время для многих граждан знаком и понятен, как процесс, который приводит к взаимовыгодному исходу дела.

Одним из приоритетных направлений совершенствования механизма урегулирования споров и защиты нарушенных прав граждан является развитие примирительных процедур, в том числе медиации. Медиацию можно применить как в гражданском, так и в уголовном судопроизводстве, рассматриваемых делах о преступлениях небольшой и средней тяжести, уголовных проступках. Она способствует сокращению числа споров, подлежащих рассмотрению в судебном порядке, путем внедрения альтернативных методов их разрешения, в частности, по двум уголовно-правовым институтам: деятельное раскаяние и примирение с потерпевшим.

С января 2016 года с принятием нового УПК РК к институту медиации от-

несены и нормы, предусмотренные гл.88-1. Оказание содействия в примирении медиации является одной из задач уголовного судопроизводства. Проведение примирительной процедуры в суде, на стадии предварительного слушания дела, признано обязательным.

Вместе с тем, на сегодняшний день складывается такая ситуация, при которой сотрудникам правоохранительных органов легче довести находящиеся в их производстве уголовные дела до суда, чем прекратить их в связи с примирением сторон с заключением медиативного соглашения. Хотя применение в ходе досудебного расследования Закона «О медиации» значительно снизило бы нагрузку на судебную систему.

Обратимся к статистике последних лет. За 2013 год рассмотрено 1 141 уголовное дело о преступлениях небольшой и средней тяжести, из них 75 уголовных дел рассмотрено с применением медиативного соглашения и прекращено в связи с примирением подсудимого с потерпевшим. В 2014 году рассмотрено 1 176 уголовных дел, из них 127 уголовных дел окончено с заключением медиативного соглашения. За 2015 год рассмотрено 1 293 уголовных дела о преступлениях небольшой и средней тяжести, 127 уголовных дел из них рассмотрены с заключением медиативного соглашения.

В первом полугодии 2016 года в суд поступило 868 уголовных дел о преступлениях небольшой и средней тяжести. Из них 204 уголовных дела рассмотрены с участием медиаторов, с заключением мирового соглашения, что составило 23,5%.

К примеру, 09 января 2016 года Ж.Ж. выехал в Атырау на пассажирском поезде сообщением «Атырау - Актобе». В ночное время, воспользовавшись тем, что все пассажиры в купе уснули, с целью кражи чужого имущества, из сумки потерпевшей Б.А. тайно похитил кошелек с денежными средствами в сумме 100 000 тенге. По приезду пассажирского поезда на ст.Актобе, с похищенными денежными средствами он скрылся с места совершения преступления.

В суд поступило заявление от потерпевшей Б.А. о прекращении уголовного дела в отношении подсудимого Ж.Ж. за их примирением, в связи с тем, что причиненный вред им заглажен в полном объеме путем возврата похищенных средств в сумме 100 000 тенге, поэтому претензий к нему не имеет, подтвердив ходатайство письменным заявлением и медиативным соглашением.

При рассмотрении заявления потерпевшей судом принято решение о прекращении дела. В судебном заседании подсудимый Ж.Ж., признав себя виновным и раскаиваясь в содеянном, просил о прекращении уголовного дела ввиду примирения с потерпевшей и заглаживанием им причиненного по делу вреда в полном объеме.

Согласно требованиям ч.1 ст.68 УК, лицо, совершившее проступок или преступление небольшой или средней тяжести, не связанное с причинением смерти, подлежит освобождению от уголовной ответственности, если оно примирилось с потерпевшим, заявителем, в том числе в порядке медиации и загладило причиненный вред. Совершенное Ж.Ж. преступление в соответствии с требованиями ст. 11 УК РК относится к категории средней тяжести.

При изложенных обстоятельствах суд постановлением прекратил уголовное дело за примирением сторон на основании ч.1 ст.68 УК и медиативного соглашения в связи с примирением подсудимого с потерпевшей, приняв решение о прекращении производства по гражданскому иску потерпевшей Б.А. о взыскании причиненного материального ущерба в сумме 100 000 тенге ввиду добровольного погашения ущерба подсудимым.

Другой пример. 20 сентября 2015 года, находясь в торговом отделе магазина «Юничел», расположенного в г. Актобе, гражданка К.К. с целью кражи чужого имущества, похитила пару мужской обуви стоимостью 7 000 тенге, принадлежащей Р.У., однако по независящим от нее обстоятельствам преступление не было доведено до конца, так как ее действия были пресечены Р.У.

В судебном заседании потерпевшая просила суд о прекращении уголовного дела в отношении подсудимой К.К. за их примирением, указывая, что причиненный по делу вред заглажен подсудимой в полном объеме, похищенное имущество возвращено, каких-либо претензий не имеет, подтвердив ходатайство письменным

заявлением и медиативным соглашением.

Рассмотрев ходатайство потерпевшей, суд принял решение о прекращении дела, поскольку в судебном заседании подсудимая К.К., признав себя виновной, просила о прекращении уголовного дела ввиду примирения с потерпевшей и заглаживанием ею причиненного по делу вреда в полном объеме. Совершенное К.К. преступление в соответствии с требованиями ст.11 УК РК относится к категории средней тяжести.

Суд принял решение о прекращении дела за примирением сторон на основании медиативного соглашения и ч.1 ст.68 УК в связи с примирением подсудимой с потерпевшей, поскольку подсудимая вину признала, в содеянном раскаялась, полностью загладила причиненный по делу вред, потерпевшая ее прощает и просит прекратить уголовное дело в связи с примирением на основании закона о медиации.

Проделанная работа в области разъяснения преимуществ медиации позволила существенно увеличить количество дел с применением примирительных процедур и в текущем году. Как показала практика, реализация медиативных процедур стимулирует правонарушителя к активному взаимодействию с государством, устанавливает с ним устойчивую связь, выражающуюся во взаимных отношениях, правах и обязанностях.

Еще более широкая популяризация примирительных процедур судом позволит разработать новые эффективные способы их реализации. В связи с этим, было бы правильным, чтобы органы досудебного расследования прекращали уголовные дела на местах с применением медиативного соглашения, не направляя уголовные дела в суд.



ПРОЕКТ ЕВРОПЕЙСКОГО СОЮЗА
«СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ УГОЛОВНОГО
ПРАВОСУДИЯ В КАЗАХСТАНЕ»



Лео Тиггес

Международный эксперт, бывший Генеральный секретарь Европейской организации по пробации



Стивен Питтс

Руководитель и советник по вопросам развития института уголовной юстиции и отправления правосудия на внутреннем и международном уровнях

ДОСУДЕБНЫЕ ДОКЛАДЫ: ПОЧЕМУ И КАК?

